

**Жергілікті атқарушы органдардың орта мерзімді облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және оларға қызмет көрсету ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 333 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 наурыздағы N 252 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.15 N 252 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына және "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті атқарушы органдардың орта мерзімді облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және оларға қызмет көрсету ережесі бекітілсін.

2. "Астана қаласы жергілікті атқарушы органының орта мерзімді индекстелген облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа шығару, өтеу және оған қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі N 1064 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 32, 348-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 8 сәуірдегі  
N 333 қаулысымен  
бекітілген

**Жергілікті атқарушы органдардың орта мерзімді облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және оларға қызмет көрсету**

**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді облигацияларын (бұдан әрі - облигациялар) шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және оларға қызмет көрсету тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) андеррайтер - атаулы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар бірінші санаттағы бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентпен жасасқан шарт талаптары негізінде оның бағалы қағаздарын орналастыруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) депозитарий - депозитарийдің және облигациялар бойынша төлем агентінің функциясын орындайтын "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" ЖАҚ;

3) депонент - шартты негізде бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерге қызмет көрсету жөніндегі депозитарийдің қызметтер көрсетуін пайдаланатын депозитарийдің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы;

4) жете орналастыру - осы шығарылымның мамандандырылған сауда-саттығында (аукционды) қалыптасқан орташа өлшемді баға бойынша айналыстағы облигациялар эмиссиясының орналаспаған бөлігін қосымша орналастыру;

5) инвестор - облигацияларды сатып алуға ниет білдірген немесе сатып алған тұлға;

6) сауда-саттықты ұйымдастырушы - сауда жүйесі облигацияларды орналастыру үшін пайдаланылатын "Қазақстанның қор биржасы" ЖАҚ;

7) қайта ашу - ең көп бағадан бастап, кесімді бағасымен аяқталғанда өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша осы шығарылымның аукционды жылдық сыйақы ставкасымен және өтеу күнімен эмитент анықтаған уақыт арқылы айналымдағы шығарылымның купондық мемлекеттік бағалы қағаздарының қосымша көлемін орналастыру;

8) кесімді баға - мамандандырылған сауда-саттық (аукцион) нәтижелері бойынша тіркелген, эмитент анықтайтын ең аз (не, егер осы жағдай мамандандырылған сауда-саттық (аукцион) өткізу туралы хабарламада белгіленсе, ең көп) мәміленің бағасы;

9) эмитент - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын және өз атынан бағалы қағаздар иелерінің алдында міндеттемелер алатын Қазақстан Республикасы облыстарының, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органы.

## **2. Облигацияларды шығару және орналастыру**

3. Облигацияларды құжатсыз нысанда ұлттық валютамен (теңгемен) эмитент шығарады және олар атаулы, купондық болып табылады.

Шығарылатын облигациялардың түрлері:

1) орта мерзімді индекстелмеген облигациялар - сыйақы төлеу және оларды өтеу кезінде атаулы құны мен сыйақы ставкасы индекстелмейтін облигациялар;

2) орта мерзімді индекстелген облигациялар - сыйақы төлеу және оларды өтеу кезінде атаулы құны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша айналыстың тиісті кезеңі үшін АҚШ долларына шаққандағы ұлттық валютаның (теңгенің) девальвациясы (ревальвациясы) қарқынына индекстелетін облигациялар.

4. Облигациялармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді және олар бойынша құқықтарды растауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыруға және олар бойынша құқықтарды растауға құқығы бар депозитарий және депозитарийдің депоненттері жүзеге асырады.

5. Әрбір шығарылым облигацияларының эмитент бекіткен шығарылым өлшемдеріне сай, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан мемлекеттік реттеу мен қатынастарды бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган беретін ұлттық сәйкестендіру нөмірі болады.

6. Кез келген тұлға, Қазақстан Республикасының резиденті де, резидент емесі де облигацияларды сатып алушы және ұстаушы бола алады.

7. Бір облигацияның атаулы құны 100 теңгеге еселенген болуы тиіс.

8. Девальвация (ревальвация) қарқынына индекстелген облигациялардың атаулы құны облигацияның атаулы құнын теңгенің девальвация (ревальвация) қарқынының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептеледі. Девальвация (ревальвация) қарқынының коэффициенті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген АҚШ долларының ағымдағы бағамының облигацияларды айналысқа қосу басталған күнгі ұқсас бағамға қатынасы ретінде есептеледі.

9. Инвесторлардың арасында бастапқы рынокта облигацияларды орналастыру сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесі арқылы мамандандырылған сауда-саттық (аукцион) өткізу жолымен жүргізіледі. Мамандандырылған сауда-саттықта (аукционда) сатып алынған облигацияларға ақы төлеу және сатып алынған облигацияларды инвесторлардың депо-шоттарына есептеу мамандандырылған сауда-саттық жүргізілгеннен кейінгі келесі күні жүзеге асырылады. Облигацияларды сатып алуға арналған өтінімдерді қанағаттандыру эмитент үшін қолайлы ставка және көлем мәндері бойынша бағаның өсуіне қарай

ретке келтірілген өтінімдер ведомосы негізінде кесімді бағасы бойынша (барлық инвесторлар үшін бірдей) немесе эмитент белгілеген мәлімделген баға бойынша жүргізіледі.

10. Эмитенттің облигациялардың тіркелген эмиссиясын мамандандырылған сауда-саттық (аукцион) өткізу жолымен жете орналастыруға және қайта ашуға құқығы бар.

11. Облигацияларды орналастыруды андеррайтер жүзеге асырады, оны таңдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес эмитент жүргізетін конкурстың нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

12. Мамандандырылған сауда-саттықты (аукционды) өткізу тәртібі сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі ережелерімен реттеледі.

13. Сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесі арқылы облигацияларды орналастыру кезінде ақша есептеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі ережелерімен және депозитарийдің ережелер жиынтығымен анықталады.

14. Эмитенттің депозитариймен, сауда-саттықты ұйымдастырушымен және андеррайтермен өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және олардың арасында жасалатын келісімдермен (шарттармен) реттеледі.

15. Облигациялар эмиссиясының көлемін, оның ішінде қайта ашуды жүргізу үшін облигациялар эмиссиясының қосымша көлемін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуын шектеу шегінде эмитент белгілейді.

16. Эмитент мамандандырылған сауда-саттықты өткізу күніне дейін кемінде 10 күннен кешіктірмей мамандандырылған сауда-саттықты өткізу күні, алдағы эмиссия көлемдері және облигацияларды бастапқы орналастыруға байланысты шығыстар туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін хабардар етеді. Облигациялар бойынша сыйақы ставкасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіледі.

### **3. Облигацияларды айналысқа қосу**

17. Облигацияларды айналысқа қосу мерзімі - бір жылдан он жылға дейін. Облигацияларды айналысқа қосу мерзімін тиісті эмиссияны жариялаған кезде эмитент белгілейді.

18. Эмиссияның барлық облигацияларын айналысқа қосу мамандандырылған сауда-саттық қорытындысы бойынша инвесторлар сатып алған облигациялар үшін эмитенттің шотына ақша түскен күннен кейінгі күннен, "депо" шоттары бойынша жазбалар жасалған сәттен басталады, сыйақыны төлеу күніне дейін екі

жұмыс күні қалғанда тоқтатылады, сыйақыны төлегеннен кейінгі келесі жұмыс күні жаңартылады және облигацияларды өтеу күніне дейін үш жұмыс күні қалғанда аяқталады.

19. Бағалы қағаздардың қайталама рыногында облигациялармен жасалатын барлық операциялар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4. Облигациялар бойынша төлемдер**

20. Сыйақыны есептеу сауда-саттықты ұйымдастырушы бастапқы орналастыру кезінде инвесторлар сатып алған облигациялар үшін эмитенттің шотына ақшаны аударған күннен кейінгі күннен басталады және осы Ережеге сәйкес анықталатын сыйақы ставкасы бойынша өтеу күнін қоса алғанда, айналысқа қосу кезеңі ішінде жүргізіледі.

21. Орта мерзімді индекстелмеген облигациялар бойынша сыйақы сомасы облигацияның атаулы құнын сыйақы ставкасына және сыйақы есептеу кезеңіндегі 365 күнге бөлінген күндер санына көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Орта мерзімді индекстелген облигациялар бойынша сыйақы сомасы сыйақы төлеу күнінде индекстелген облигациялардың атаулы құнының, сыйақы ставкасының және сыйақы есептеу кезеңіндегі 365 күнге бөлінген күндер санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

22. Облигациялар бойынша сыйақы төлеуді облигациялар айналысы тиісті жылының бір жүз сексен екінші және үш жүз алпыс бесінші күндері эмитент жүргізеді. Бұл ретте есептік база бір жылда 365 күнді құрайды. Сыйақыны соңғы төлеу күні облигацияларды өтеу күнімен сәйкес келеді.

23. Орта мерзімді индекстелмеген облигацияларды өтеуді тиісті эмиссия үшін белгіленген өтеу күні атаулы құны бойынша эмитент жүргізеді.

Орта мерзімді индекстелген облигацияларды өтеуді тиісті эмиссия үшін белгіленген өтеу күні индекстелген атаулы құн бойынша эмитент жүргізеді.

24. Егер облигацияларды өтеу немесе сыйақыны төлеу демалыс күнге түскен жағдайда, олар келесі жұмыс күні жүргізіледі. Облигация ұстаушының төлемдегі осындай кідіріс үшін сыйақы немесе қандай да болмасын өзге де өтемақы талап етуге құқығы жоқ.

25. Депозитарий сыйақыны төлеу күніне дейінгі екі жұмыс күнінен және облигацияларды өтеу күніне дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей эмитентке депозитарий деректерінің негізінде қалыптасатын және олар бойынша сыйақы төлеу мен өтеу жүргізілуі тиіс облигациялардың саны туралы мәліметтерді камтитын облигациялар ұстаушылардың жиынтық ведомосын береді.

26. Сыйақы төлеуді және облигациялардың атаулы құнын өтеуді жиынтық ведомостқа сәйкес депоненттер туралы деректерді ескере отырып, олардың арасындағы түскен соманы өздігінен бөлетін депозитарийдің шотына ақша

аудару жолымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен эмитент жүзеге асырады.

27. Эмитент облигацияларды өтегеннен кейін бес жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне депозитарийдің облигацияларды өтеуі туралы мәліметтердің көшірмесін және жүргізілген өтеуді растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

28. Эмитент сыйақы есептеудің кезекті кезеңінде облигациялардың іс жүзінде айналымда болған уақытында сыйақы төлей отырып, оларды мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға құқылы.

29. Эмитенттің мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімі осындай өтеу күніне дейін он жұмыс күні қалғанда депозитарийге жеткізіледі, бұл өз кезегінде, бес жұмыс күнінен кешіктірмей ол туралы депоненттерге хабарлайды.

30. Эмитент осы Ережеге сәйкес облигацияларды өтеген немесе қызмет көрсеткен кезде кез келген соманы төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін белгіленген мерзімдерде орындамаған жағдайда, мерзімі өткен әрбір күн үшін ол төлеуге жататын соманың 0,1%-ы мөлшерінде айыппұл төлейді.

31. Эмитент облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және оларға қызмет көрсету шарттарын бұзған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауап береді.

32. Облигациялармен жасалатын операциялар бойынша салық салу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес анықталады.